	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Пікір

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Мақсатова Аяулым Мақсатқызының «N-арилалкилпиперидиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Датхаев Убайдилла Махамбетұлының

ПІКІРІ

Мақсатова Аяулым Мақсатқызы 2018 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторантураға қабылданды.


Аяулым Мақсатованың диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты сапалы, қауіпсіз және эффективті дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, жаңа дәрілік заттарды зерттеу, Отандық субстанцияны фармацевтикалық өндеуге, импорт алмастырушы дәрілік құралдарды жасау және өндіріске енгізу, соның ішінде химиялық жолмен синтезделіп алынған дәрілік препараттардың үлесін арттыру. Фармацевтикалық өнім нарығында бәсекеге қабілетті синтезделіп алынған шикізат негізінде дәрілік препараттар өндірісін құру жұмысының болашағы зор басымдыққа ие екендігін отандық өндірушілердің тәжірибесі көрсетіп отыр.

Докторант ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және докторлық диссертация жұмысын жазу барысында жоспарлау, талдау және әдебиеттік шолу бойынша үлкен көлемде еңбек атқарды. Диссертациялық жұмыстың мақсаты N-арилалкилпиперидиннің жаңа туындылары негізінде потенциалды биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау және оның өндіру технологиясын құрастыру болып табылады.

Жаңа фармацевтикалық өнім үлесін арттыру мақсатында, табиғи белсенді заттарды химиялық қосылыс көздерінен көптеп алып, олардың химиялық жолмен молекулаларын трансформацияға ұшырату арқылы биологиялық белсенділігі күшейтілген белсенді заттарды алудың жолдарының терең зерттеуді және оларды өндіріске енгізуді талап етеді. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мақсатын алдын ала айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың барысында перспективті жаңа қосылыстар синтезделіп, олардың арасынан жетекші қосылыс стандартталып, қажетті параметрлары анықталып, оны өндірудің технологиясы зерттелді.

Ғылыми нысан ретінде қызығушылық туғызған АІР-2 субстанциясының химиялық құрамын зерттеп, биологиялық белсенді заттарды табудың оңтайлы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Пікір

әдістерін және оларды стандарттау аталған мәселені шешуде маңызды үлес қосады деп тұжырымдауға болады.

Мақсатова А.М. диссертациялық зерттеуінің тәжірибелік бөлімі «А.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ синтетикалық және табиғи дәрілік заттар химиясы зертханасында мемлекеттік бағдарламалармен байланыс аясында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда мақалалар мен тезистер жарияланған. Сонымен қатар мақала импакт-фактормен Scopus база басылымында 1 мақала жарық көрді. Зерттеу нәтижелері бойынша ҚР Әділет министрлігінің № 4782 от 20.06.19 ж. атауы «Микробқа қарсы белсенділікке ие 1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипиперидин гидрохлориді» пайдалы модельге патентімен расталды.

А. Мақсатова ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және өзінің зерттеу жұмыстарында фармацевтикалық ғылымның жетістіктерін қолдана білді, теориялық және практикалық білімі жоғары, фармацевтикалық технология мен заманауи сапалық талдау әдістері бойынша біліктілігін көрсетті.

Аяулым Мақсатқызы Мақсатованың ғылыми – зерттеу саласындағы күзiреттiлiгi, диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен тәжірибелік маңызы алынған зерттеу нәтижелеріндегі автордың жеке үлесін, зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттерінің толық орындалғанын растайды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Аяулым Мақсатова Мақсатқызына 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Фармация ғылымдарының докторы,
профессор**

